

REFERENCES

- 1 Humboldt, V. von. (2001) *Izbrannye trudy po yazykoznaniiyu* [Selected works on linguistics]. Moscow: Progress. (In Russian).
- 2 Vvedenskaya, L.A. and Cherkasova, M.N. (2011) *Russkiy yazyk i kultura rechi* [Russian language and culture of speech]. 11th edn. Rostov-on-Don: Feniks. (In Russian).
- 3 Formanovskaya, N.I. (1989) *Rechevoy etikét i kultura obshcheniya* [Speech etiquette and culture of communication]. Moscow: Vysshaya shkola. (In Russian).
- 4 Balakaev, M. (1965) *Kazak tili madenietinin maseleleri* [Problems of the culture of the Kazakh language]. Almaty: Kazakhstan. (In Kazakh).
- 5 Netalieva, K. (1977) *Kazak tilinin orfoepiyalyk sozdigi* [Orthoepic dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Nauka. (In Kazakh).
- 6 *Orelí oner (O kulture rechi)* (1976) [Noble art (On the culture of speech)]. Almaty: Nauka. (In Kazakh).
- 7 Syzdyk, R. (2014) *Tildik norma zhane onyn kalyptanuy (kodifikatsiyasy)* [Linguistic norm and its formation (codification)]. Collected works in several volumes. Almaty: El-shezhire. (In Kazakh).
- 8 Uali, N. (2021) *Kazak soz madenietinin teoliyalyk negizderi* [Theoretical foundations of the culture of Kazakh speech]: monograph. Almaty: Kazak tili. (In Kazakh).
- 9 Koblanova, A. (2020) *Kazak soz etiketi* [Kazakh speech etiquette]: textbook. Almaty: Nomad. (In Kazakh).
- 10 Hanson, W. (2025) *Just Good Manners: A Quintessential Guide to Courtesy, Charm, Grace, and Decorum*. Available at: <https://www.simonandschuster.com/books/Just-Good-Manners/William-Hanson/9781668082850> (Accessed: 25 March 2026).
- 11 Hinton, P.R. (2020) *Stereotypes and the Construction of the Social World*. Available at: <https://www.routledge.com/Stereotypes-and-the-Construction-of-the-Social-World/Hinton/p/book/9781138637559> (Accessed: 25 March 2026).
- 12 Nadelyaev, V.M. and Nasilov, D.M. (eds.) (1969) *Drevneturkskiy slovar* [Old Turkic dictionary]. Leningrad: Nauka. (In Russian).
- 13 Iskakov, A. and Uali, N. (eds.) (2006-2011) *Kazak adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]: in 15 volumes. Almaty: Arys. (In Kazakh).

Received: 28.12.2025

FTAMP 16.31

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp153-165](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp153-165)

С.Б. Коянбекова¹, Б. Шалабай², А. Бари¹

¹Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Алматы, 050000, Қазақстан

²Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ: ҚАЗАҚ ТІЛІ ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ ӘДЕБИЕТ ПӘНІМЕН КОНСОЛИДАЦИЯЛАНУЫНЫҢ СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

Жаһандық өркениетте қазақ тілінің мәдениетаралық қызметінің санқырлы сипаттарын зерттеуде экспрессивтік стилистиканың өзге ғылымдармен консолидациялануын зерттеу өзектілік танытады. Ғасырлар бойы жинақталған ұлттың даналық ақыл-ой өрісінің қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының пәнаралық консолидациялануымен қазіргі қазақ тілінің қоғамдық, әлеуметтік функциясын белсендендіріп отыр. Сондықтан экспрессивтік стилистиканың сөздегі экспрессивтік

мүмкіндіктерін арнайы талдау маңызды. Заманауи кезеңде қазақ тілін әлемдік деңгейде танытудың салмақты бағыты экспрессивтік стилистиканың әдебиет ғылымымен кіріктірілуі және оның теориялық мәселелерін қолданбалық лингвистикамен сабақтастыру, мысалдармен дәйектеу мақалада жүйелі талданады. Сондай-ақ экспрессивті стилистиканың негізгі ұғымдарының әдебиет пәнімен ықпалдасуы жан-жақты қарастырылады. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының пәнарлық консолидациялануы бейнелеу, бағалау тілдік құралдарының айқындығымен ерекшеленетіні сарапталады. Ұлттық тіліміздегі ұтымды қолданыстар әсіреленіп жеткізілетін ойдың сезім-күй әрекеттері арқылы өрнектелу тетіктерінің қалыптасуы, даму сипаттары анықталады. Қазақ тілінде экспрессияға толы қордаланған шебер қолданыстар, даналық нақыл сөздер, мақал-мәтелдердің кемелденген құбылысын цифрлық технологияға енгізудің әдістері ұсынылады. Сонымен қатар айшықты сөз тіркестерінің web-технологияда қолданылуы тұжырымдар арқылы негізделеді.

Кілт сөздер: цифрлық технология, қазақ тілі экспрессивтік стилистика, ұлттық танымдар, әдебиет, пәнаралық консолидациялану, парадигма, синергетикалық модель.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Жаһандық кезеңнің басым бағыттары айқындалып, әлемнің экономикалық, мәдени, саяси, технологиялық салаларындағы ықпалдастық деңгейін арттырып келеді. Бұл ақпараттық технологиялар және интернеттің дамуын, көпқырлы мәдениеттің, тілдің шексіз таралуын қамтамасыз етуде. Модернизация әлемдік мәдениет тұтастығына бағытталғандықтан, әр елдің ұлттық құндылықтарын, ұлттық тілін сақтау, дамыту өзекті. Сондықтан ұлттық тілді синергетикалық парадигмалар негізінде модельдеу әртүрлі ғылым салаларының тоғысында консолидациялануындағы тың мүмкіндіктерді зерттеуді қажет етеді. Ұлт болымысының негізгі белгісі тіл болып табылатындықтан, рухани төл байлық ретінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілу маңыздылығын қарастырады. Ұлттық тіл мәдени тұтастықты тарихи сабақтастықпен жалғастыратындықтан, ғасырлар бойы қордаланған тәжірибесін интеграциялық талдау инновациялық парадигмалармен кіріктіру, модельдеу қажеттілік танытады. Жүйеленген тиімді шешімдермен танылған зерттеу нәтижелерін IT технологияларының web-платформаларында орналастыру тіліміздің цифрлық жүйеде танымалдылығын көрсетуге негізделу керектігін айқындайды.

КІРІСПЕ

Цифрлық технология заманында экономикалық бәсекелестік қана емес, тілдік қақтығыстардың орын алуы да алаңдатушылық туғызуда. Осыған орай, көптеген елдерде ұлттық тілді қорғау мен дамыту бағдарламалары іске асырылып келеді. Қазіргі көптілділіктің орын алуы және ағылшын тілінің кеңінен сұранысқа ие болуы да ұлттық тілдердің функциясын әлсіретуі мүмкін деген зерттеушілердің пікірлері ғалымдарға салмақты ой жүктейді. Сондықтан ұлттық тілді инновациялық парадигмалар тұрғысынан жан-жақты зерттеуде әртүрлі ғылым салаларының тоғысында жүйеленетін жаңа мүмкіндіктерді қарастыру қажет. Оның басымдылығын арттыру және жалпыадамзаттық мәдениетпен сабақтастыру арқылы өрістеп-дамитыны, сақталатыны экспрессивтік стилистикалық парадигмалармен өрнектелуімен тығыз байланысты. Тілдің экспрессиямен жеткізілуі ұлттық болмыстың, тарихтың, мәдениеттің феномені ретінде қызмет етеді. Көркем шығармалар, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, даналық сөздер, ұлттық образдар әдеби шығармаларда, ауызекі сөйлесу тілінде, экспрессивтік тәсілдер ерекше әсер қалдырып, ұлттық мәдениетті нығайтып, әлеуетін арттырады. Аталған мәселе қазіргі кезеңде цифрлық технологиямен ұштасып, инновациялық әдістерді қалыптастырады.

Дүниетанымдағы күллі мәселелерді қамтитын ұлттық құндылықтардан ақпарат беретін айшықты сөз орамдары әдебиетпен кіріктіріліп, қоғамдағы мәдени бағыттарды жүзеге

асырады. Ой-санада танылған әлемдік бейне әмбебаптық сипат алып, ұлттың сөз өнерін танытатыны қазақ әдебиетінде өріс алып, экспрессивтік стилистикасымен консолидациялануын зерттеу ғылымның қайнар көзіне айналуға. Аталған мәселе қазіргі кезеңде цифрлық технологиямен ұштасып, инновациялық әдістерді қалыптастырудағы жетістіктермен айқындалады.

Цифрлық технология дегеніміз – ақпаратты цифр түрінде өңдеу, сақтау, тарату және талдау үшін қолданылатын құрылғылар мен бағдарламалық құралдардың жиынтығы [1,27].

Тарихи деректерге жүгінсек, ақпараттарды сандық әдістерге көшіру және оны өңдеу мәселелері тілдік қолданылу парадигмалары. АҚШ-та кең орын алып, жүйелі насихатталуда. Ақпараттардың өңделуіне мүмкіндік беретін цифрлық компьютерлер дамып, технологиялық негіздері қаланды. Бұл тәжірибелер біртіндеп әлемнің басқа мемлекеттеріне таралып, заманауи цифрлық трансформацияның дамуын көрсетті. Жаңа Қазақстанның әлемдік аренада экономикалық танылуымен қатар, тәуелсіз мемлекет ретіндегі беделін арттыруда оның ғаламдық мәдениеттегі ғылыми ресурстар қатарына енуге жол ашады. Мұндай стратегиялар ұлттық тілдің болашағын қамтамасыз етуде және халықаралық деңгейде орын алуына тың серпіндер береді. Бұл цифрлық технологиялар, медиа ресурстарды пайдалану негізінде жүзеге асырылады. Атап айтқанда:

- қазақ тілінің мазмұнын әлеуметтік медиа, интернет желілері және мобильді қосымшалар арқылы кеңейту;
- әлемдік аудиторияға вебинарлар, онлайн курстар мен виртуалды платформалар құру арқылы қазақ тілін үйрету;
- қазақ тілінің әлемдік қауымдастық арасында танылуына электронды журналдар, цифрлық кітапхана және мультимедиялық контентті дамытудағы ықпалы ерекше.

Электронды журналдардың, цифрлық кітапханалардың құрылуы қазақ тілі мен ғылымын жаңа деңгейге арттырады. Яғни, әдеби шығармаларды, ғылыми мақалаларды қолжетімді ету, зерттеулерді жүйелеп-сақтаудың нәтижелі тәсілі ретінде қолданылады. Аудио, бейне, анимация, инфографика сияқты мультимедиялық контенттің көмегімен ұлттық тіліміздің грамматикалық, лексикалық және стилистикалық ерекшеліктері интерактивті түрде зерттелуде. Цифрландыру үрдісі барлық ғылымдарда кешенді қолданылып, тіл арқылы жүзеге асырылып келеді. Осы орайда, қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасының әдебиетпен консолидациялануы тек лингвистикалық үрдіс ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің ғажайып әлеуетін көрсететін ерекше құбылыс.

Қазақ әдеби тілінің сараланған, кемелденген, төл табиғаты ұлттық әдебиеттегі функционалдық стильдерден көрінеді. Жаһандық кезеңдегі қоғамда қазақ әдебиетінің әлеуметтік функциясының сан түрлі комунникациялық қарым-қатынаста қолданылуы тілдік бірліктердің экспрессивтік қасиет-сапаны иелену ерекшелігімен тікелей байланыстағы ықпалдастығын арттырады. Экспрессивтік стилистика – тілдің эмоционалды, әсерлік пен берілуін және эстетикалық мазмұнына бағытталған құралдар жиынтығы болып табылады. Тұжырымдай айтқанда: «экспрессивтілік дегеніміз – бейнелеу, бағалау тілдік құралдардың айқындығымен ерекшеленіп, сөйлеушінің белсенді сезім-күй әрекеттері арқылы ойды әсірелеп, көркемдеп жеткізуде сөз өрнектерінің ұтымды қолданылуы, ал экспрессивтік стилистика аталған экспрессивтік ерекшеліктердің тілде жүзеге асу тетіктерін зерттейтін қазақ тілі стилистикасының маңызды саласы болып табылады» [2,6].

Қазақ тіл білімінде экспрессивтік стилистиканы жан-жақты зерттеген ғалымдар тобының еңбектерінде тіліміздің көркемдік жүйесі, эмоциялық бояуы, функционалдық стильдерімен ара-қатынасы, қолданылу ерекшеліктері тереңнен зерттеледі. Қазақ тіл негізін салушы ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінен бастау алатын ұлттық тілдің стиль мәселесін Р.Сыздық экспрессивтік құралдарын зерттеумен жалғастырып, осы салаға зор үлес қосты. Оның «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Абайдың сөз өрнегі» зерттеулерінде көркем сөздердің табиғаты, экспрессивтік қызметіндегі ұлттық ерекшеліктер жайында терең талдаулар берілген. Ғалым М.Балақаев қазақ тіліндегі функционалдық стильдерді зерттеп, экспрессивтік құралдардың ғылыми, көркем, публицистикалық жанрадағы

стильдік қызметтерін айқындады. Ғалымның «Қазақ әдеби тілі», «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» еңбектері стилистика саласын жүйелі зерттеуге арналған. Зерттеуші Ғ.Мұсабаевтың зерттеулерінде тілдің лексикалық байлығы, эмоционалды-экспрессивтік қабаттары қарастырылған. Нақты айтқанда, тілдегі сөзжасам, экспрессивтік қолданыстар, олардың функционалдык жіктелулері талданған. Ал Ө.Айтбаев қазақ тіліндегі ұлттық терминологияның қалыптасуын, тілдегі экспрессивтік элементтердің когнитивтік және прагматикалық аспектілерін ұлттық тұрғыдан зерттесе, Б.Шалабай когнитивтік стилистика және көркем шығармалардағы экспрессивтік құралдарды талдаған. Сонымен қатар Г.Қосымова, Б.Момынова, Д.Әлкебаева, С.Қоянбекова және т.б. ғалымдар аға буын зерттеушілердің еңбектеріндегі тұжымдарды дамытып, дәстүр жалғастығын сабақтастыруда. Отандық және әлемдік ғалымдардың еңбектерінде экспрессивтік стилистика мәселелері жүйелі қарастырылса, қазақ тілінің бай мазмұнды бейнелі-құрылымдық негізі ұлттық ерекшеліктерімен кіріктіріле зерттеу қажеттіліктерін дамытады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Сөйлесушіге ықпал ететін тілдік тактикалар ойды айту барысында айтылатын сендіру, шабыттандыру, қуану, қайғыру тілдік қарым-қатынаста тыңдаушыға психологиялық әсер етіп, мақсатқа жетудегі маңызды құрал болып табылады. Нақты айтқанда лингвомәдени салада экспрессивтік стилистиканың араласуы арқылы көркем шебер сөйлеуге бейімдейді. Қоғамда кездесетін тілдік қарым-қатынастың барлық түрі мәдениетаралық коммуникацияда өзекті қаралатын мәселе. Яғни мәдени құндылықтар әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, ырымдар бойынша көрініс алып, тіл арқылы іске асырылады. Маңызды болып табылатын осы екі мәселе тілдік қарым- қатынаста ерекше орынға ие.

Осыған байланысты мақаланың әдістемелік және теориялық негіздері ретінде әлемдік және отандық философиялық таным теориясы, логика аясындағы «тіл» мен «сөйлеуге» байланысты лингвотеориялық тұжырымдар, жалпы және жеке тіл біліміндегі стилистика, экспрессивтік стилистика, семантика, этнолингвистика, когнитивті лингвистика және т.б. зерттеулердегі ұстанымдар, пайымдаулар басшылыққа алынды.

Тілдік деректерді талдауда дихронды, синхронды, сипаттамалы талдау, топтастыру, жүйелеу, модельдеу қолданылды. Аталған әдістерге жұмыстың нәтиже бөлігінде толық, жүйелі талдау беріледі.

Қойылған мақсатқа сәйкес іріктелген материалдар ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыптарды, жөн-жоралғыларды қажетті тілдік құрылымдармен сипаттап айтуда қоғамда жиі орын алатын пәрменді экспрессивтік лексикалардан құралатыны дәйектелді.

Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының өзекті мәселелері туралы ғалымдардың зерттеу еңбектеріндегі лингвотеориялық, лингвоқолбандалық тұжырымдар сарапталып қолданылды. Экспрессивтік стилистиканың өзге ғылымдармен консолидациялану құбылыстары және мысалдар пайдаланылды. Стилистикалық фигуралардың қолднылу ерекшеліктеріне қатысты көркем мәтіндердегі А.Құнанбаев, М.Әуезов, М.Шаханов, О.Сүлейменов, Қ.Жолдыбайұлының еңбектерінен мысалдар келтіріліп, талданды. Сонымен қатар мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың үндеуінен үзінді алынып, тақырыпқа сәйкес сарапталды. Атап айтқанда заманауи Қазақстанда халықты бірлікке шақырудың келешекке сенім қалыптастыратын пікірлері берілді. Цифрлық технологияға бейімделген негізгі еңбектер тақырыпқа сәйкес іріктеліп, зерттеу негізінде жүйеленді. Қойылған мақсатқа жету үшін экспрессивтік стилистикаға қатысты ғылыми басылымдар эмпирикалық, когнитивтік тұрғыдан қарастырылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының өзге ғылымдармен атап айтқанда, әдебиет пәнімен консолидациялануының синергетикалық бағытта зерттелуі, модельденуі қазіргі қазақ

тіліндегі айшықты сөз өнерін танытудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл коммуникациядағы ұлттың даналық тұжырымдарын көркемдік үйлестік пен сабақтыстықта қарастырудың нәтижелерін қоғамдық және әлеуметтік қарым-қатынаста қолданудың маңыздылығымен ұштасады.

Экспрессивтіліктің мәні мен мазмұнын талдай отырып, адамға ойды жеткізудің бейнелі құралдарын жүйелеу, ұлттық тілімізді жаңа парадигмалар да зерделеудің тұғыры бола алады. Экспрессивтілік-когнитивтік және лингвистикалық байланыстардағы концептуалды метафоралар ұғымдарды нақты жеткізудің тетіктерін жүзеге асыратын қайнар көзі қызметін атқарады. Қазақ тіліндегі экспрессивтік стилистикалық парадигмалардың әдебиет ғылымымен тоғысуының синергетикалық моделі пайымдалады. Цифрлық технологиялар қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының әдебиет пәнімен консолидациялануы тілдік бірізділік пен ұлттық стиль мәселелерінің цифрлық тұрғыдан ықпалдасуымен сабақтасатыны зерделенді.

Мұны диохронды негізде талдасақ, көркем мәтіндегі экспрессивтік стиль дәстүрлі, ауызша шығармаларға жазбаша өнегеге бейімделеді. Ғаламтор мен әлеуметтік желінің тез дамуында қысқа мәтіндер және жартылай кодталған жазу үлгілерін, мәтіндік ақпараттардағы жаргондар мен код-айырбасының көбеюін көрсетеді.

Цифрлық ортадағы тұрақтылықтың қалыптасуы жасанды интеллектінің көмегімен мәтін генерациясы құбылысымен дайындалып, шығармашылық үрдістердің интеграциясын сипаттайды.

Ал синхронды талдау жанрлық, мәтіндік түрлерімен ұштасып, проза мен поэзияда, әлеуметтік желіде жарияланған көркем жазылымдар цифрлық нысанда беріледі. Сондай-ақ экспрессивтік стилистиканың қазіргі құралдары атап айтқанда: неологизмдер, жаңа терминдік жасалымдар, сөзжасам парадигмаларының дамуына негізделеді.

Топтастыру әдістерін талдауда цифрлық технологиялар контекстінде қазақ тілінің экспрессивті стилистикасын әдебиет пәнімен консолидациялаудың синергетикалық моделін құруға бағытталған. Жалпыма тұжырымдама мен зерттеу контекстіне келсек, практикалық модель құруға негізделеді. Мұндағы басты идеяда тілді көркемдеуші құралдарының сандық өлшемдері, мәтін деректерін талдау әдістері мен оқыту үрдісінің интерактивтілігі синергетикалық байланыс арқылы күшейтіледі. Негізгі ұғымдар ретінде экспрессивтік стилистика метафора, эпитет, аллегория мен гипербола, паралелизм, ирония, және т.б. қолданылады.

Мақсатты топтастыру қазақ тіліндегі экспрессивті стилистика және цифрлық технологияларды біріктіру үшін қажетті ұғымдық базаны қалыптастырады. Ол құрылымдық және функционалдық топтастыруға бағытталып, тілдік құралдар негізінде лексикалық тәсілдер, фразеологиялық бірліктер, грамматикалық ортамен шектеседі. Ал көркемдік тәсілдер қатары эпитет, метафора, аллегория, иррационалдық бейнелер, шағын әңгімелік құрылымдармен ұштасады. Функционалдық топтастыру бойынша көркемдік мақсат бейнелеу, авторлық көзқарасты сипаттап, коммуникативтік мақсатты орындайды. Педагогикалық мақсатта оқыту-салыстыру көзделеді. Контент бойынша топтауда мәтіндердің түрлері көркем прозалар, поэзия мен драматургия және эссе қамтылады. Мәліметтердің қайнар көзі ретінде әдебиет мұрағаттары, электронды кітапханалар, онлайн корпустарды атауға болады. Әдістемелік деңгеймен топтасақ, құралдарды қолдану педагогикалық-практикалық, оқу-әдістемелік және зерттеу-аналитикалық болып бөлінеді. Құндылық пен мақсат бойынша топтауда білімділікке сәйкес тілдік көркемдік қабылдау мен стилистикалық талдау қабілеті және көркемдік құралдарды сандық бағалаумен сабақтасады. Тиімділік мәселелеріне келсек, оқу нәтижелері және мотивация, сондай-ақ цифрлық сауаттылықты арттырады.

Жүйелеу әдістерін сараптасақ, қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының әдебиет пәнімен интеграциялаудың құрылымдық парадигмасын құрайды. Ол макро деңгейде оқу үдерісінің жалпы контекстін, оқу бағдарламасын, білім алушылардың тілдік-көркемдік түсінігін қалыптастырады. Ал мезо деңгейде модуль ішіндегі өзара кіріктірілген компоненттер мен критерийлер, бағалау жүйесі орын алады. Микро деңгейде негізгі мәтіндік материал мен

құралдардың тұрақты қолданылуы атап айтқанда, белгілі бір тақырып бойынша мәтіндік талдаулар, стильдік құралдарды талдау жаттығуларына негізделеді.

Модельдеу әдісінде бірнеше және көпқырлы модельдеу әдістерін үйлестіру көзделеді. Нақты айтқанда, концептуалды моделдеу қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасы мен әдебиет пәні және цифрлық технологиялар сондай-ақ, оқыту үрдісіндегі оқу-білім нәтижелеріне бағытталады. Үш деңгейлі модельдеу тұжырымдамасына тоқталсақ, микро деңгейде мәтіндік құралдар және стилистикалық таңбалардың дәл көріністері мәселен, метафораның жиілігімен эпитеттің түсуімен сипатталады. Мезо деңгейде курс модульдері, тапсырмалар, оқыту процесі мен бағалау жүйесіндегі байланысқа негізделеді. Макро деңгейде оқу бағдарламасы мен оқу нәтижелері сонымен қатар университеттегі білім саясатының синергетикалық ықпалына бейімделеді.

Ұлттық тіл жүйесіндегі ғылымдардың пәнаралық интеграциясы эвристикалық зерттеу стратегиясымен шектеседі. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің синергетикалық моделінде саналуан элементтердің өзара әрекеттестігі негізінде мәдени, философиялық, когнитивтік байланыстарды тереңнен талдауға мүмкіндік беретінін төмендегідей тұжырымдармен ұсынуға болады.

Мәдени сабақтастық арасындағы байланыс:

Қазақ әдебиетінде ұлттық болмыс, дәстүрлі және заманауи элементтердің өзара кіріктірілуі маңызды рөл атқарады. Мысалы, Абайдың шығармаларында ұлттық поэзия мен шығыстық, батыстық философиялық идеялардың, ұлттық танымның синтезін байқауға болады. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде этикалық және эстетикалық құндылықтар пәнаралық консолидацияланады.

Тарихи контекст пен көркемдік әлемнің үйлесімі:

Тарихи оқиғалар мен әдеби шығармалардың байланысы синергетикалық модель арқылы айқын көрінеді. Қазақтың дәстүрлі классикалық туындыларында тарихи шындық пен көркемдік қиял үйлесіп, қазақ халқының болмысы жаңа парадигмада талданады.

Жеке тұлға мен ұжымдық сананың байланысы:

Қазақ әдебиетіндегі кейіпкерлер тек жеке тұлға ретінде емес, ұжымдық сананың өкілі ретінде де көрініс табады. Мұнда синергетикалық тәсіл әр кейіпкердің бейнесін ұжымдық құндылықтармен пәнаралық сипатты тығыз байланыстырады.

Жанрлар мен стильдердің синтезі:

Әдебиетте түрлі жанрлар мен стильдердің өзара ықпалдасуы жаңа синергетикалық модельдерді қалыптастырып, психологиялық және эпикалық баяндау элементтерін біріктіреді.

Тіл мен идеялар жүйесінің өзара әрекеттестігі:

Қазақ әдебиеті тіл байлығымен ерекшеленеді. Мұнда ауыз әдебиеті, эпостар, шешендік өнер және заманауи жазба әдебиет элементтері синергетикалық түрде тоғысып, жаңа көркемдік кеңістік қалыптастырады.

Модернистік парадигма:

Ұлттық дәстүрлер мен еуропалық модернистік бағыттардың бірігуі арқылы жаңа көркемдік модельдер құрылуы мүмкін. Себебі цифрландырылған мәтіндер арқылы қазақ тілінің эволюциялық кезеңін зерттеу өзекті.

ТАЛҚЫЛАУ

Көркем-әдеби шығармаларда экспрессивтік құралдар эмоция және экспрессивтік бағалаушытық үйлесіммен мәтіннің мазмұндық эстетикалық, көркемдік сапасын арттырады. Әдеби тілдегі экспрессия мен консолидациялану құбылысы лексикалық, синтаксистік, стилистикалық құрылымдарда жанрлық ерекшеліктерді айқындайды. Әдеби туындыларда экспрессивтік стилистика нақты жанрдың консолидациялануын қамтамасыз етіп, автордың дербес стилін анықтап, көркемдік ерекшеленуге әсер етеді. Мысалы: поэзияда экспрессивтік құралдардың қолданылуы сезімді арттырып, мәдени және рухани мазмұнды әсерлі жеткізеді. Нақты айтқанда, Абайдың табиғатты қуаттандыратын «Желсіз түнде жарық ай» лирикаларына

тоқталсақ, кең байтақ қазақ даласын суреттеудегі әсем көрініс, табиғаттағы тыныштықтың сұлулықтықпен көмкерлуі, желсіз түнде су бетіндегі айдың шағылысуын:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың, жаны-терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің, топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.
Мұндағы экспрессивтік бейнелі сөздер эпитеттермен сиппатылған.

Экспрессивтіліктің лингвомәдени аспектідегі сипаты қазақ әдебиетінде ұлттық нақышпен бейнеленетін сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, көркем шығармалардағы қолданыстар болып табылады. Бұлар ұлттың дүниетанымын, ділін, мәдени құндылықтарын анықтайды. Экспрессивтік стилистикада қолданылатын тілдегі лексикалық құралдар эмоционалды мәні бар лексикалар, синонимдер семантикалық өрісті кеңейтіп, сан алуан стильдік мақсаттарды айқындайды. Мысалы: «Ой, сұмдық-ай, пенделер жұмыр басты. Қалайша ел -жұртын ұмытады?!», [3,49] «Әп-әдемі қыз екен!» [4,51] дегенде күшейткіш мәнді сөздер қолданылып экспрессияны арттырып отыр. Көркемдегіш сөздер метафора, эпитет, теңеу және т.б. көркемдік мән беретін бейнелі сөздердің орны ерекше. Мысалы: «Көздің моншақтары төгілді» [4,63]; Мысалы: «Мөп-мөлдір бұлақ, аппақ таң, қараңғы түн» тіркестерінде көркемдік стиль эпитет арқылы берілсе, «Аққудай сұлу қыз» [5,37] тіркесінде теңеудің айырықша қолданылғаны байқалады. Ғасырлар қойнауында қалыптасып, қордаланған ұлттық тәсірді бейнелеуде таптырмайтын күш-қуат, нәрлілігімен сусындататын экспрессивтік стилистиканың әдебиетпен кіріктірілу үрдісі ойды көркем жеткізудің ерекше құралы. Ұлтымыздың дәстүрлері мен мәдениеті қазақ әдебиетінде экспрессивтік стилистиканың қызметі арқылы ұлттық мәдениеттің қайталанбас көрінісін анықтайды.

Атап айтқанда, әдеби қолданыстарда жиі пайдаланылатын нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, дәстүрлі бейнелерде экспрессивтік құралдардың кеңінен қолданылу маңызы зор. Ұлттық мәдениетті насихаттауда web-платформалар арқылы халық даналығын жариялау өзекті. Сондай-ақ, блог немесе web-сайттар құру арқылы мақал-мәтелдердің түсіндірмесін ұсыну да маңызды. Әдеби туындылардың қазыналы қорының ұлттық болымысты әлемге танытудағы әдіс-тәсілдер инновациялық бағытта жасақталуда. Дәлірек айтсақ, цифрлық технологиялардың заманауи дамуы көптеген келесі мәселелердің шешімін тауып, ұлттық тілдердің кемелденуімен ұштастырылуда. Түркі тілдерінің ішінде қыпшақ тобына енетін, өзіндік ұлттық құнарымен бейнеленетін қазақ тілі – салыстырусыз бай тіл болғандықтан, қазақ тіліне деген әлем халықтарының қызығушылығы өсіп келеді.

Бұл Жаңа Қазақстанның халықаралық аренадағы беделінің артуын, мәдени құндылықтарымыздың танымал болуын, сондай-ақ зерттеушілердің түркі тілдеріне деген қызығушылығымен тікелей байланысын көрсетеді. Алдағы уақытта бұл үрдіс одан әрі цифрлық технологиялар арқылы дамып, қазақ тілі жаһандық деңгейде қызығушылық тудыруы мүмкін. Ол ұлтымыздың тарихын мәдениетін, дүниетанымын, өмір салтын сипаттайтындықтан, ұлттық тілдің экспрессиялық қызметімен сабақтастырылады. Яғни адамдар арасындағы қарым-қатынасты жандандырып, сөйлеуге эмоционалдық әсер беріп, тілдің көркемдік мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл қызмет әсіресе, әдебиет жанрында, шешендік өнерде, күнделікті пікір алмасуда ерекше рөл атқарады. Заманауи шешендік өнерде экспрессивтілік қоғамда сөйлеушінің ойын әсерлі жеткізу мүмкіндіктерін жүзеге асырады. Бұл құбылыс әлеуметтік өмірде саясатта рухты ояту, бизнестік ортада құлшынысты арттыру және қоғамдық сөйлесулерде шабыттандыруда жиі кездеседі.

Жалпы экспрессивтік лексикалар көптеген сөздіктерде жиі орын алып, сөздік қордың сексен пайызын құрайтыны ғалымдар еңбектерінде пайымдалған. Мәселен, академиялық ағылшын тіліндегі Оксфордкорпусы (Oxford Corpus of Academic English (OCAE)) [6]

мазмұндық көлемі тұрғысынан ең көлемді корпус, яғни қазіргі саны 85 миллион сөзден құралады. Осы корпус барысында тілді меңгерушілерге арналған академиялық ағылшын тіліндегі Оксфорд сөздігі (Oxford Learner's Dictionary of Academic English) дайындалған. Сондай-ақ бұл корпуста білім алушылардың академиялық жазылым, айтылым дағдыларын қалыптастыруға керекті өзге де құралдар берілген. Корпуста көптеген академиялық қолданыс жазбалары жүйелі академиялық тапсырмаларға бейімделген. Мұндағы экспрессивтілікке толы лексикалар сөйлемдегі мысалдарды қамтиды. Кембридждегі академиялық ағылшын тіліндегі корпуста (CAEC - Cambridge Academic English Corpus) [7] білім алушылардың жазбаша, ауызша дағдыларын дамыту үшін мәтіндерден құрастырылған.

Бұл еңбекке АҚШ және Ұлыбританияның институт тәжірибиелерінен жинақталған материалдар, іріктелген мәтіндер енгізілген. Оның мазмұндық сапасы экспрессивтілік сипаттарын қамтиды. Мұндай тиімді еңбектер шешендік өнермен тілдік экспрессияның серпін алуы тыңдаушыны сендіріп, эмоционалды түрде әсер етіп назар аударудың негізгі құралдарының бірі. Экспрессивтік тілдік қолданыстарда шешендер дауыс ырғағын, интонацияны, риторикалық сұрақтарды, қайталамаларды, метафоралар мен бейнелі сөздерді шебер пайдаланып, аудиторияны өзіне тартады. Мысалы, Президент Тоқаевтың: «Біз тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп, қиындықтарды жеңіп келеміз. Мұның бәріне берекелі бірлік пен еселі еңбек арқылы жеттік» [8] деген халыққа үндеуінде бірлікке назар аудару, болашаққа сенім ұялату қысқа-нұсқа шабыттандыратын сөз тіркесі экспрессиямен берілген. Сондай-ақ, ақын О. Сүлейменовтың «Біз, қазақтар, ұлы даланың перзенттеріміз. Біздің сөзіміз – ғасырлар қойнауынан жеткен үн!» [9,33] деген пікірінде тарихи байланыстар бейнелі сөздермен берілген. Ал шешендік шеберлігі ерекше тұлға М.Шахановтың: «Рухсыз ұрпақ-тамырсыз ағаш секілді. Ұлт боламыз десек, ең алдымен, тілімізді, мәдениетімізді сақтауымыз керек!» [10,24] деген ұранында ұлттық санаға әсер ету метафорамен сипатталған. Қоғам қайраткері Қ.Жолдыбайұлының: «Қазақтың болашағы – білімде. Білімсіз ұлт – тамыры шіріген ағаш секілді» [11,36] көзқарасында метафоралық қолданыс ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Қазақ тілі экспрессиясының әдебиетпен тамырласуы терең тарихи құбылыс болғандықтан, коммуникацияда кешенді қолданылып, шаршы топ алдында сөйлеу кезінде, әлеуметтік желілерде және медиада жиі кездеседі.

Тілде қолданылатын бейнелі мағыналы даналық ойлар, мақал-мәтелдер, фразеологизмдердің, тартымды, әсерлі жеткізілуі шешендік өнердің пәнаралық консолидациялануының құрамдас бөлігіндегі синергетикалық моделде айқын көрінеді. Синергетикалық модельдер экспрессиялық қызмет аясын өмірлік тәжірибиелерімен ұштастырылып, дәстүрлі даналықты паш ететін парадигмалармен ұсынылады. «Туған жердің түтіні де тәтті» мақалында туған жерге сүйіспеншілікке ерекше мән берілген. «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Көз қорқақ, қол батыр» тіркестерінде сөздің құдіреті арқылы шабыттандырылып, бағалану моделі сипатталған. Ұлттық тілімізде, тұрмыс - тіршілік, салт-дәстүр, дүниетаным, даналық, синергетикалық үрдістерге негізделген.

Зерттеу негізіндегі перспективалық цифрлық мүмкіндіктер web-платформалармен астасады. Бұл талдаулар ғылыми зерттеулерді жүргізуде, деректемелерді топтастырып, өңдеуде маңызды. Мысалы: М.Әуезовтың «Сенің жүзіңнен нұр тарайды, ал дауысың жүрегіңнің әлсіз қылдарын шертеді. Сенсіз бұл даланың да, аспанның да сәні жоқ» [12,41]. Мұндай қарқыны күшті ойлардың мазмұны web-платформалар дамуындағы зерттеу тәсілдерін жетілдіріп, инновациялық технологияларды енгізу, әрекеттестігін күшейтеді. Оны қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының әдебиетпен консолидациялануының төмендегідей синергетикалық моделі арқылы ұсынуға болады:

Тілдік ресурстар	Экспрессивтік стилистика элементтері	Әдебиет пәнімен интеграция	Оқырманға әсер және эстетикалық нәтиже
Фонетика - әуезділік: дыбыстар үйлесімі, ұйқас, ырғақ.	Фоносимволизм - дыбыс әуезділігі. Бейнелеушілік –лексика. Синтаксистік құрылым.	Проза, көркем поэзия, эпос, айтыс.	Эмоционалды күшейту және көркемдік бағалау.

<p><i>Экспрессивтік лексика:</i> эпитет, теңеу, символдар. <i>Синтаксис:</i> ырғақтық көрінісі параллелизм, инверсия. <i>Мәтіндік тәсіл:</i> образдылық көркемдік жоспар, тұрақты мотивтер.</p>	<p><i>Ырғақ және ұйқас.</i> <i>Контекстуалдық стратегия:</i> диалог, монолог, авторлық сөз.</p>	<p><i>Ұлттық мәдени контекст:</i> мақал-мәтел, этникалық образдар. <i>Урбанизация:</i> дыбыстық тілдік өзгерістер.</p>	<p><i>Эстетикалық қабылдау мен тілдік - ұлттық біріздендіру.</i></p>
---	--	---	--

Ұлттық тіл және әдебиеттің сабақтастығын зерттеуге, сақтауға және кеңінен таратуға бағытталған машиналық оқыту алгоритмдері мен автоматтандырылған құралдарды қолдану тәсілдері қазақ әдебиеті мен тілдің зерттелуін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, қазақ әдебиетінің ауыз әдебиетімен консолидациялану аясында мәтіндік деректер базасын қалыптастыру тиімді. Яғни Абай, Шәкәрім, Мағжан және т.б. классикалық дәстүр авторларының шығармаларын заманауи әдебиет құрамында жүйелеу маңызды. Экспрессивтіліктің пәнаралық консолидациялануын машиналық оқыту алгоритмдері бойынша талдап, жасақтауға болады.

Атап айтқанда, нейрондық желі негізінде кез-келген автордың төл сөздік қоры, сөйлем құрылымдары, метафораларды қолдану тәсілі талдап, стильдік ерекшеліктерін анықтау қажеттілік танытады. Цифрландыру үрдісінде көне түркі, араб, кириллица жазуларында қолданылған ұлттық мұра тіліміздегі экспрессивтіліктің өзектілігін көрсетеді. Мұндай үрдістер әдеби тілдің ХІХ ғасыр мен ХХІ ғасырдағы айырмашылықтарын анықтайтын алгоритмдер түзу қажетігін айқындайды. Сондай-ақ, ұлттық тіліміздегі лексикалардың мағыналық эволюциясын зерделеп, семантикалық өзгерістерді бақылау үшін мәтіндік деректерді талдау қажет. Қазақ тіл экспрессивтік стилистикасының әдебиетпен консолидациялануындағы лексика және сөйлемдердің мағыналық байланыстарын зерттеу әдеби жанрларды тақырыптарды автоматты түрде топтастыруға ыңғайлы. Осы орайда, қазақ әдебиетінің бай, құнарлы қолданыстарын ағылшын, орыс және басқа тілдерге аудару үшін арнайы бейімделген нейрондық аударма модельдерін құруға да болады. Бұл модель арқылы әдебиеттегі идиомалар, фразеологизмдерді тереңнен тануға баулиды. Экспрессияға қанық қазақ әдебиеті шығармаларындағы жанрлар негізінде эпостық жырлар, тарихи романдар, поэзия және т.б. автоматты түрде бөлінеді. Осыған байланысты пәнаралық консолидацияланудың, синергетикалық модельдейтін онлайн кітапхана немесе оқырман платформасын дайындауға болады. Мұнда пайдаланушылардың оқыған шығармаларына байланысты оларға ұнайтын жаңа туындыларды ұсынуға болады. ІТ мамандарының пікірлеріне сүйенсек, ұлттық тіл мен әдебиет пәнінің консолидациялануының синергетикалық моделінде машиналық оқыту алгоритмдері мен автоматтандырылған құралдарды қолдану әдеби мұраларды зерттеуді, оны сақтауды және кеңінен таратуды жеңілдетеді. Бұл әдістер қазақ әдебиетін инновациялық технологиялық деңгейге көтеріп, цифрландырудың қажеттігін негіздейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының әдебиет пәнімен консолидациялануы тілдік құралдар мен синтаксистік құрылымдар, мәдени ұлттық дәстүрдің интеграциялануындағы тығыз әрекеттесуінің нәтижесін көрсетеді. Бұл туындылардың эмоционалдық мазмұндық сапасын арттырып, ұлттық болмыс пен мәдени құндылықтарды лингвомәдени ұштастықпен сабақатастырса, экспрессивтік стилистика шығарманың эстетикалық мүмкіндіктерін арттырады. Бұл жүйелілік пәнаралық ықпалдасудың синергетикалық моделін құрайды. Қазақ әдебиетінің экспрессивтік стилистикамен кіріктірілудегі синергетикалық модель ұғымы, әртүрлі элементтердің өзара әрекеттестігіндегі

жаңа мағына үстеуі, тұтас әсер қалыптастыруды қарастыратын теориялық тәсіл. Синергетика жалпы жүйелердің өздігінен ұйымдасу заңдылықтарын зерттеп, әдебиет саласында қолданудағы шығармашылық бағытты қамтиды. Нақты айтқанда, құрылымдық, мазмұндық, мәдени ықпалдастықпен қатар философиялық, когнитивтік байланыстарды тереңнен талдауға мүмкіндік береді. Аталған мәселелер ұлттық құндылықтардың талдану парадигмаларында кеңінен өріс алғанын байқатады. Бұл туралы «Exploring National Brands in the Field of Education: The Case of Kazakhstan» мақаласындағы зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қазақ ұлттық брендтері ұзақ мәдени және ұлттық құндылықтармен берік орныққан ұлттық санамен байланысты ассоциациялар арқылы айқындалатынын қорытындылаймыз [13,113]. Жоғарыда талданып, тұжырымдалған мәселерді жинақтап интерактивті оқулықтар мен платформалар арқылы

жүзеге асыруға болады. Атап айтқанда:

- теориялық материалдармен қатар, әдеби шығармалардың стилистикалық талдануы, экспрессивтік құралдарын түсіндіру үшін мультимедиялық оқулықтар дайындау;

- әр тақырыпқа мәтіндерге байланысты бейнематериалдар, аудиожазбалар ұсыну; -қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасының әдебиетпен консолидациялануына арналған интерактивті тесттер дайындау;

- көркем шығармаларға байланысты диалог форматындағы викториналар құру;

-автоматтандырылған құралдар арқылы стилистикалық талдау жасауды ұйымдастыру, мәселен, көркем мәтіннен экспрессивтік элементтерді анықтауға арналған тапсырмалар, лингвистикалық тренажерлар ұсыну және т.б маңызды мәселелерді жүйелеу зерттеушілерге салмақты міндеттер жүктейді.

Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының әдебиетпен пәнаралық консолидациялануындағы синергетикалық моделдеуді жүзеге асырудың ерекшелігі әртүрлі елдердегі ғалымдар бірлесіп зерттеу жүргізіп, ортақ жобалар жасай алатындығында. Web-технологиялар арқылы олар тәжірибе алмасып, ғылыми қауымдастықтың дамуына ықпал етеді. Осылайша, зерттеу перспективалары мен web-платформалар өзара тығыз байланысты. Web-платформалар ғылыми зерттеулерді жетілдіруге, автоматтандыруға, нәтижелерді қорғауға және таратуға мүмкіндік беретін маңызды құралға айналып отыр. Осы бағыттағы болашақ зерттеулер ғылыми жаңалықтардың тиімділігін арттырып, олардың нақты өмірде қолданылуын ұтымды қамтамасыз етеді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Ұсынылып отырған зерттеу мақаласы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ИРНАР 23489363 «Цифрлық технология: қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық консолидациялау және интеграциялық оқытуды синергетикалық модельдеудің web-платформасы» атты тақырыптың негізінде орындалып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қожахметова Қ.Ж. «Цифрлық технологиялар және олардың білім берудегі қолданылуы». Алматы баспасы. – 2018. – 219 б.
- 2 Коянбекова С. Б. «Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері». Алматы, Кие баспасы. – 2008. – 52 б.
- 3 Мақатаев М. «Ару Ана» поэмасы. Алматы баспасы. – 1970. – 67 б.
- 4 Айнабеков К. «Махаббат моншақтары» өлеңдер жинағы. Ақтөбе. – 1991. –83 б.
- 5 Кәшімов М. «Сұлу қыз» өлеңдер жинағы. Алматы баспасы. – 1909. – 57 б.
- 6 Michigan Corpus of Upper-level Student Papers <https://sites.lsa.umich.edu/eresources/2020/05/29/micusp-corpus-of-written-academic-papers/> (қаралған мерзімі: 17.11.2024).

7 Oxford Corpus of Academic English (OCAE). <https://www.sketchengine.eu/oxford-corpus-of-academic-english/> (қаралған мерзімі: 17.11.2024).

8 Президент Тоқаев; «Біз бірлігімізді сақтасақ қана қиындықтарды жеңеміз. Еліміздің жарқын болашағы сіз бен біздің қолымызда!». Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында сөйлеген сөзі, 2023 ж.

9 Сүлейменұлы О. «Тауларды аласартпайық». – 1981. – 69 б.

10 Шаханов М. «Тамырсыздану қаупінің тұжырымдамасы» Алматы. – 2007. – 70 б

11 Жолдыбайұлы Қ. «Имани гүл». Алматы. 2011. – 384 б.

12 Әуезов М. Қараш-Қараш оқиғасы. Алматы, Жалын. – 1987. – 148 б.

13 Ibraimova, L., Koyanbekova S., Ryskulbek, D., Moldagali, B., Serikova, S. Article Exploring National Brands in the Field of Education: The Case of Kazakhstan // Journal of Social Studies Education Research [this link is disabled](https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58354027500), – 2023. 14(2) page 97-117 <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58354027500>

Материал 29.12.2025 баспаға түсті

Цифровые технологии: синергетическая модель консолидации экспрессивной стилистики казахского языка с литературой

С.Б. Коянбекова¹, Б. Шалабай², А. Бари¹

¹КазНИТУ им. К.И. Сатбаева, Алматы., 050000, Казахстан

²Кокшетауского университета им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, 020000, Казахстан

На глобальном уровне актуальным является исследование многообразных аспектов межкультурной функции казахского языка через консолидацию экспрессивной стилистики с другими науками. Междисциплинарное объединение экспрессивной стилистики казахского языка, основанное на вековой народной мудрости, активизирует его общественные и социальные функции. Поэтому важно специально анализировать выразительные возможности стилистики речи.

В современный период значимым направлением популяризации казахского языка на мировом уровне является его интеграция с литературоведением, а также сопряжение теоретических аспектов экспрессивной стилистики с прикладной лингвистикой, подкрепленное примерами. В статье системно рассматриваются эти вопросы, а также подробно анализируются ключевые понятия экспрессивной стилистики в различных сферах.

Консолидация экспрессивной стилистики казахского языка с другими дисциплинами характеризуется выразительностью и оценочной окраской языковых средств. Определяются механизмы формирования и развития эмоционально окрашенных высказываний, содержащих выразительные обороты, афоризмы, пословицы и поговорки, наполненные народной мудростью.

Предлагаются методы внедрения накопленного выразительного языкового материала в цифровые технологии, обосновывается применение ярких словосочетаний в web-технологиях.

Ключевые слова: цифровые технологии, экспрессивная стилистика казахского языка, литература, междисциплинарная консолидация, синергетическая модель, парадигма, национальное сознание.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Кожаметова К.Ж. «Цифровые технологии и их применение в образовании». Алматы, Издательство. - 2018. - 219 с

2 Коянбекова С.Б. «Основы экспрессивной стилистики казахского языка». Алматы, Издательство «Кие». – 2008. - 52 с

3 Макаатаев М. «Ару Ана» (поэма). Алматы, Издательство. - 1970. - 67 с

4 Айнабеков К. «Бусы любви» (сборник стихов). Актобе. - 1991. - 83 с

- 5 Кашимов М. «Красивая девушка» (сборник стихов). Алматы, Издательство. 1909. - 57 с
- 6 Michigan Corpus of Upper-level Student Papers
<https://sites.lsa.umich.edu/eresources/2020/05/29/micusp-corpus-of-written-academic-papers/>
(қаралған мерзімі: 17.11.2024).
- 7 Oxford Corpus of Academic English (OCAE). <https://www.sketchengine.eu/oxford-corpus-of-academic-english/>(қаралған мерзімі: 17.11.2024).
- 8 Президент Тоқаев: «Только сохраняя наше единство, мы сможем преодолеть трудности. Светлое будущее нашей страны в ваших и наших руках!», речь на XXXII сессии Ассамблеи народа Казахстана, 2023.
- 9 Сулейменулы О. «Не будем унижать горы» – 1981 г. – 69 с.
- 10 Шаханов М. «Концепция угрозы утраты корней» – Алматы, 2007 г. – 70 с.
- 11 Жолдыбайулы К. «Имани гюль» – Алматы, 2011 г. – 384 с.
- 12 Ауэзов М. «Караш-Карашское происшествие» – Алматы: Жалын, 1987 г. – 148 с.
- 13 Ibraimova, L., Koyanbekova S., Ryskulbek, D., Moldagali, B., Serikova, S. Article Exploring National Brands in the Field of Education: The Case of Kazakhstan // Journal of Social Studies Education Research [this link is disabled](https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58354027500), – 2023. - 14(2) page 97–117
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58354027500>

Материал поступил в редакцию журнала 29.12.2025

Digital Technology: A Synergistic Model of the Consolidation of Kazakh Language Expressive Stylistics with Literature

S. Koyanbekova¹, B. Shalabai², A. Bari¹

¹KazNITU named after K.I. Satbayev, Almaty, 050000, Kazakhstan,

²Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Kazakhstan

At the global level, studying the multifaceted aspects of the Kazakh language's intercultural function through the consolidation of expressive stylistics with other disciplines is highly relevant. The interdisciplinary integration of Kazakh language expressive stylistics, shaped by centuries of national wisdom, enhances its social and public functions. Therefore, a focused analysis of the expressive potential of stylistics in speech is essential.

In the modern era, a key direction for promoting the Kazakh language on a global scale is its integration with literary studies, along with linking the theoretical aspects of expressive stylistics to applied linguistics, supported by concrete examples. This article systematically examines these issues and provides a comprehensive analysis of the fundamental concepts of expressive stylistics across various fields.

The interdisciplinary consolidation of expressive stylistics in the Kazakh language is distinguished by the vividness and evaluative nature of linguistic tools. The mechanisms for forming and developing emotionally charged expressions, including idiomatic phrases, aphorisms, proverbs, and folk wisdom, are explored.

The article proposes methods for incorporating the accumulated expressive linguistic material into digital technology and substantiates the application of striking word combinations in web technologies.

Key words: digital technology, Kazakh language expressive stylistics, literature, interdisciplinary consolidation, synergistic model, paradigm, national cognition.

REFERENCES

- 1 Kozhakhmetova K. zh. «digital technologies and their application in education». Almaty publishing house – P 219

- 2 Koyanbekova S. B. fundamentals of expressive stylistics of the Kazakh language». Almaty, Kie publishing house. - 2008 - p 52
- 3 Makataev M. poem «Aru Ana». Almaty publishing house. – P 970
- 4 Ainabekov K. collection of poems «beads of love». Aktobe. 1991- P 83
- 5 Kashimov M. collection of poems «Sulu kyz». Almaty publishing house. - 1909- p 57
- 6 Michigan Corpus of Upper-level Student Papers
<https://sites.lsa.umich.edu/eresources/2020/05/29/micusp-corporus-of-written-academic-papers/>
(қаралған мерзімі: 17.11.2024)
- 7 Oxford Corpus of Academic English (OCAE). <https://www.sketchengine.eu/oxford-corporus-of-academic-english/>(қаралған мерзімі: 17.11.2024)
- 8 President Tokayev; «we will overcome difficulties only if we maintain our unity. The bright future of our country is in your hands and in our hands!», Speech at the XXXII session of the assembly of people of Kazakhstan. - 2023
- 9 Suleimenuly O. «Let's not take the mountains». - 1981
- 10 Shakhanov M. Almaty, «the concept of the risk of root formation». - 2007 - p 70
- 11 Zholdybayuly K. «Imani Gul». Almaty. - 2011-p 384
- 12 Auezov M. The Story of Karash-Karash. Almaty: Zhalyn. - 1987. - P 148
- 13 Ibraimova, L., Koyanbekova S., Ryskulbek, D., Moldagali, B., Serikova, S. Article Exploring National Brands in the Field of Education: The Case of Kazakhstan // Journal of Social Studies Education Research this link is disabled, – 2023. - 14(2) page 97–117
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58354027500>

Received: 29.12.2025

MFTAP 16.21.07

DOI:[10.59102/kufil/2026/iss1pp165-181](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp165-181)

А.К. Өмірзақова¹, Ж.Қ. Дәркенбаева², С.А. Түрбекова³

¹Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, 050013, Қазақстан

²Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, 050022, Қазақстан

³әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, 050038, Қазақстан

ТІЛДІК АТТРИЦИЯ: ЖАРТЫЛАЙ ДОМИНАНТТЫ БИЛИНГВИЗМ ЖАҒДАЙЫНДА ОРЫС ТІЛДІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖҮЙЕЛІ ҚАТЕЛЕРІНДЕГІ КӨРІНСІ

Қазақстандағы тілдік жағдай тарихи және әлеуметтік-саяси факторлардың ықпалымен қалыптасты. Соның нәтижесінде елімізде қазақ-орыс қостілділігі қалыптасты. Бұл қостілділік көбіне жартылай доминантты сипатқа ие. Осындай жағдайда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қоғамдағы қызметі өзекті мәселе болып отыр. Өйткені қазақ тілі заң жүзінде мемлекеттік мәртебеге ие болғанымен, күнделікті қарым-қатынастың көптеген салаларында әлі де толық қолданылып жүрген жоқ. Бұл жағдай орыс тілді қазақ жастарының арасында ана тілінің әлсіреуіне алып келуі мүмкін.

Қазіргі тілдік ортада тілдік аттриция құбылысы барған сайын айқынырақ байқалады. Әсіресе орыс тілінде білім алып, сол тілде сөйлейтін қазақ жастары арасында қазақ тілінің қолданысы шектеліп бара жатыр. Бұл үрдіс олардың сөйлеу тілінде түрлі ауытқулардың пайда болуына әсер етеді.

Мақала Қазақстандағы жартылай доминантты қазақ-орыс қостілділігі жағдайында қазақ тілінде орын алатын тілдік аттриция мәселесін қарастырады. Зерттеудің басты